

АРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

Грант алушы: «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры.

Гранттың тақырыбы: «Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру».

Грант сомасы: 17 838 000 (он жеті миллион сегіз жүз отыз сегіз мың) теңге

1. Есепті кезен - 2019 жылғы 1 сәуір – 30 шілде аралығы
2. Әлеуметтік жоба аясындағы іс-шараларды сипаттаңыз (грант шартына №3 қосымшаның іс-шараларын сипаттау тармағына (жобаның есжей-тегжейлі сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, есептілікті ұсыну сәтінде орындалған әрбір міндет бойынша сипатталған).
Есепке қоса берілген растау құжаттары бар қосымшаның нөмірін көрсетіңіз.)

1-міндет: Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді кенінен насихаттау.

1- Іс-шара. 27 мамыр күні Алматыдағы Ғылым ордасында «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Философия, саясаттану және дінтану институтымен бірлесе отырып «Рухани жаңғыру: дәстүр мен дін мәселелері» тақырыбында дөнгелек үстел өткізді. Живың «Азаматтық басқамаларды қолдау орталығының» тапсырысымен «Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру» атты әлеуметтік жоба аясында өткізілді. Дөнгелек үстелге ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор Нұрмұратов Серік «Ұлт қорғаны – ұлттық құндылықтар» тақырыбында, ҚазБСҚА-ның ассистенті, профессор Мейірманов Аманжол «Діни бірелейік және рухани құндылықтар үндестігі» тақырыбында баяндама жасады.

Сондай-ақ, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты директорының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы Ғалымжан Дүйсен мен Бердалы Оспан, Ерлан Төлеутай есімді этнографтар қатысты. Аманжол

Мейрманов өз баяндамасында Кожа Ахмет Иасауи кесенесінің салыну тарихы мен сол сәулет құрылысының терен сырлары туралы кеңінен сөз етті. А.Мейрманов баяндамасында «Йассауи тұлғасы, соңында қалдырған бүкіл рухани мұрасы ерді адамгершілік кемелдікке жеткізуімен қатар, елді тұтастыққа, бірлікке, мемлекетшілдікке үндейтін маңызды орталық болды. Бұл жердің казак халқының рухани тұлғаларының ұлттық пантеонына айналуының өзі Түркістанның қасиет-қиесін, елдің рухани астаны деп танылған рәміздік мазмұнын білдіреді» деген пайымдау жасайды да, «Осынау зор діни-ғұрыптық, рухани-ағартушылық кешен бүкіл құрылымдық бірегейлігімен қатар, аса көркем безендірілген Ондағы ою-өрнектерде бөдерленген терен мағыналы Құран аяттары, Алла елшісі хадистері және халық даналықтарынан дәстүрлі Исламдағы басты қағида, негізгі ұстанымды көреміз. Кесененің сыртында оңтүстікбатыс мұнарасынан бастап үш жағын толығымен қамтып, солтүстік-шығыс мұнараға тіреліп аяқталатын жоғарғы фризде (басқұрда) Құран-Кәрімнің Әнғам сүресінің 59-63 аяттары сүлс үлгісімен бөдерленген. Бұл аяттарда шексіз Күдірет пен Алла Тағаланың назарынан дүниенің ешқандай сыры тыс қалмайтындығы айтылады. Сондай-ақ, оның құзырындағы адам баласының жаратылысы мен тіршілігі, ұйықтауы мен оянуы, тірлігі мен жан тапсыруы, есеп беруі, Түп иесіне қайта оралуы, медет тілеуі сияқты жағдайларының барлығы тек Алланың қалауымен жүзеге асатыны айтылады» деп түйіндеді.

Жиын барысында дәстүр мен дін сабақтастығы кеңінен сөз болып, қатысушылар мен арнайы мамандар арасында сұрақ-жауап әдісімен үлкен байланыс орнады. Дөңгелек үстелге 61 адам қатысты. Қатысушылардың басым бөлігін студенттер құрады. Студенттердің арасында арнайы сауалнама жүргізіліп, сұрақтарға жауап алынды. Ассимиляциялық үрдістің мемлекет пен ұлттың дамуына қандай кері әсері бар деген сауалға жиынға қатысушылардың басым бөлігі ассимиляциялық үрдістің қауіпті деп жауап берген. Ал әртүрлі діни ағымдар ұлттық ерекшеліктерді не себепті жоюға ұмтылады деген сұраққа білімсіздіктен, өткен тарихын жете білмеуден, ұлттық құндылықтар тамырынан ажыраудан деген жауаптарын берді. Өткізілген іс-шара мен онда жасалған баяндамаларға қатысты жиынға қатысушылар өте жоғары бағасын берді. Сонымен қатар, студенттер ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін осындай алқалы жиындар көптеп және еліміздің барлық аймақтарында өткізілсе деген ұсыныстарын білдірді. Жиынды өткізудегі мақсат — қазіргі қоғамдағы дәстүр мен дін сабақтастығының ара-жігін ажыратуға, байланысын пайымдауға, казак халқында дін мен дәстүрдің астасып кеткенін нақты дәлелдермен көрсету болды. Жиын барысында және жиынның соңында жасалған қорытынды нәтижесі мақсатқа толықтай қол жеткізгенімізді көрсетті. Жиынға қатысқан жастар әрбір жасалған баяндама бойынша көкейіндегі сұрауларын қойып, жауаптарын алды.

Алматы қаласындағы Ғылым ордасында «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Философия, саясаттану және дінтану институтымен бірлесе отырып «Рухани жаңғыру: дәстүр мен дін мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізгені туралы «Адырна» ұлттық порталында, Bar.kz сайтында және Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде ақпараттық материал жарияланды.

Жиыныға қатысушылар тарапынан төмендегідей 5 ұсыныс жасалды:

- ❖ Бірінші, қазіргі қоғамдағы түрлі діни ағымдарға қатысты ақпараттық тұрғыдан кенінен айтылып, жазылса;
- ❖ Екінші, дәстүр мен дін мәселесіне қатысты осындай жиындар еліміздің барлық аймақтарында өткізілсе;
- ❖ Үшінші, ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптейтін оқулықтар көптеп шығарылса;
- ❖ Төртіншіден, дін және дәстүр тақырыбы орыстілді аудиторияда да талқыланса;
- ❖ Бесіншіден, теріс діни ағымдарға тойтарыс беру мақсатында жастар арасында насихат жұмыстары кенінен жүргізілсе;

Корыта айтқанда, Алматы қаласындағы Ғылым ордасында «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Философия, саясаттану және дінтану институтымен бірлесе отырып «Рухани жаңғыру: дәстүр мен дін мәселелері» тақырыбында өткен жиынында біз өзіміздің көздеген мақсатымызға толықтай қол жеткіздік.

Түсініктеме: Осы дөңгелек үстелді өткізу барысында қолданылған Б.Оспанның «Салттар әлеміне саяхат» кітабын, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған брошюра, буклеттер мен презентациялық слайдты бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жолдаған болатыбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Хаттың көшірме нұсқасын есеп құжаттарына тіркеп, жолдап отырмыз. «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру барысындағы «Салттар әлеміне саяхат» кітабының нұсқасы қосымшада ұсынылады.

«Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жолдап, «Салттар әлеміне саяхат» кітабының мұқабда бетіндегі логотиптердің орнын өзгертуді және кіріспе бөлімін алып тастауды тапсырды. Осыған жауап ретінде кітаптың түзетілген нұсқасы ресми жолданым, өзгертілген жаңа нұсқасы мен Дін комитетінің келісілген хатымен Қорытынды есекке тіркелетін болады.

Сонымен қатар осы конференцияда оқылған баяндамалардың негізінде Ғылыми жинақ шығарылуы керек болған. 500 тарапыммен шығуға тиіс Ғылыми жинақ Аралық бағдарламалық есепті қайта қарау кезеңінде дайын болмады. Себебі, Ғылыми жинаққа негізделген баяндамалар мәтінін Дін комитеті 2019 жылғы 04 қазанда бекітті. Осы себептен Ғылыми жинақ Аралық бағдарламалық есепті қайта қарау кезеңінде баспаханаға жаңадан әзірлену үстінде болатын. Жобаның қорытынды есебі кезеңінде 500 данамен таралған Ғылыми жинақ міндетті түрде құжатталып енгізіледі.

Бағдарламалық аралық есептің қосымша №2 сәйкес үлестірме материалдары бар папканың фотосуреті салынды. Қатысушыларға арналған үлестірме материалдары бар папканың 1 данасын аралық есепке ұсыну мүмкін болмады. Себебі, іс-шара барысында таратылған бланкот, қалам дәл қазіргі уақытта жоқ. Алайда іс-шараларда қатысушыларға үлестірілгені туралы фотоайғақ бар. Осы фотолар қосымша жолданып отыр. Қорытынды есепке қосымша ретінде жолданады.

2- Іс-шара. Алматыдағы Ұлттық кітапханада мамырдың 24 жұлдызы «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі «Тарихтан тағылым: ұлттық идея және дін мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Аталған конференция ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік грант негізінде «Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру» атты әлеуметтік жоба аясында өтті.

Конференцияның негізгі мақсаты – тарихи мысалдар негізінде зайырлы қоғам ұғым-түсініктерін насихаттау рухани құндылықтар арқылы діни-экстремистік ағымдарға қарсы тұру мәселелері талқыланды. Шараның шымылдығы ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Бакытжамал Қайырбекқызы Оспанова ашып, ары қарай бірлестік президентен Арман Әубәкірдің ұлттық идея, ұлттық құндылықтар жайлы кіріспе сөзімен жалғасты.

Сондай-ақ ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының дінтану бөлімінің меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, доцент Бақытжан Сәтершинов «XX ғасырдағы қазақ мемлекеттілігі: оның ұлтпен және дінмен ара-қатынасына байланысты көзқарастарды талдау» тақырыбына тоқтала кетті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Рашид Мухитдинов «Тарихи тұлға Қабылиса жырларында көтерілген діни тақырыптарға талдау» атты баяндама жасады. «Қазақ халқының мақтанғыш тұтатын әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Арыстанбаб, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Иүгініки, Хусамуддин әс-Сығнаки, Мұхаммед Хайдар Дулати сынды бабаларының ізін жалғаған Бұхар, Шалқияз, Ақтамберді, Қабылиса жыраулар елге діни насихатты өздерінің өлең-жырларымен жеткізсе Бекет ата сынды бабаларымыз елдінрухани көсемі, ақыл-кеңесшісі болды. Ал олардың ізін Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкерім, Майлықожа сияқты ақындар жалғады. Алаш арыстарының да дін туралы толғаулары, ойлары мен көзқарастары жетерлік. Өкінішке орай кенес үкіметі тұсында қазақ халқының жыр-термелеріндегі дін мәселесі өзінің лайықты зерттеуіне ие болмады. Осының салдарынан біз ата-бабамыздың діни ұстанымдарына, діни дүниетанымынан ажырауға шақ қалдық. Тіпті ол біздің жадымыздан ұмытылғуға айналды» деген Рашид Мухитдинов «Сүйімбай, Жамыл секілді жыр дүлділдерінің ұстазы, рухани көшбасшылары Қабылисаньын діндарлығы сол кездеге қазақ халқының ислам дінін беркі ұстанғандығының айғағы. Ұлы даланың ұлы ұлдары әл-Фараби, Ясауи, Бұхар жырау, Қабылиса жырау, Бекет ата ұстанған ислам дінінен бәз кешпеу, ата-баба аруағын сыйлап, ұлттың болашағын ойлап, біз де ислам дінін лайықты дәрежеде ұстансақ, ата-баба аманатын орындаған боламыз.

Бұл біздің нағыз рухани жанғыруымыздың, мәңгілік елдің ірге тасын бекіткендігіміздің куәсі болары хақ» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар этнограф, мәдениеттанушы Бердалы Оспан «Қазақ салттары: кеше және бүгін» сынды ұлттық мәселелер төңірегінде сөз қозғап, ұлттық салт-дәстүрлерге шолу жасады. Шараны ақын Аманғазы Керіпжан мен Арман Әубәкір қорытындылады. Жийн сонында әдеттегідей сауалнама жүргізіліп, бірнеше сұрақтың жауабы алынды. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі сырттан енетін кез келген үрдістің ұлтқа үлкен өзгеріс әкелетінін, бұл өзгерістердің өзіндік қауіпі де барын жасырмайды. Ал теріс діни ағымдардың ұлт дәстүріне қарсылығына қатысты сұраққа дүмшелер ғана ел ішінде іріткі салады деген ұстанымдарын білдірді. Ұлттың рухани құндылықтарына арналған осындай бас қосулар тек студенттер мен жастар арасында ғана емес, мектеп оқушылары үшін, тіпті ауыл-ауылдағы қарт-қариялар үшін де өткізілсе, қазақ халқы өзінің кешегісін ұмытпайды, ертеніне сенімді бола еді деген пікірлерін білдірді.

Жастармен еркін пікір алмасқан аға буын өкілдері жастарды ұлттық құндылықтарды сақтауға шақырды. Живін соңында қонақтар «Ұлы даланың жеті қыры» атты кітап көрмесін тамашалады. «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі мен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» атты КЕАҚ мемлекеттік грант негізінде «Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру» атты әлеуметтік жоба аясындағы «Тарихтан тағылым: ұлттық идея және дін мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткені туралы «Адырна» ұлттық порталында, Вақ.кз сайтында және Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде сонымен қатар «Қазақстан» телеарнасында ақпараттық хабарлама берілді.

Қорытынды: Конференцияны өткізудегі басты мақсат – жиынға қатысушыларға қазақ халқының өткен тарихына шолу жасай отырып, болашағына бағыт-бағдар ұсыну, ұлттық рухани құндылықтарымызды дәріптеу, ұлттық дәстүрлерімізді насихаттау болды. Бұл мақсаттарға толықтай қол жеткіздік.

Түсініктеме: Конференция өткізу барысында қолданылған В.Оспанның «Салттар әлеміне саяхат» кітабын, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған брошюра, буклеттер мен презентациялық слайдты бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жолдаған болатынбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Хаттың көшірме нұсқасын есеп құжаттарына тіркеліп, жолдан отырмыз. «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру барысындағы «Салттар әлеміне саяхат» кітабының нұсқасы қосымшада ұсынылады.

«Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жолдан, «Салттар әлеміне саяхат» кітабының мұқабасы бөліміндегі логотиптердің орнын өзгертуді және кіріспе бөлімін алып тастауды тапсырды. Осыған жауап ретінде кітаптың түзетілген нұсқасы ресми жолданғып, өзгертілген жаңа нұсқасы мен Дін комитетінің келісілген хатымен Қорытынды есепке тіркелетін болады.

Бағдарламалық аралық есептің қосымша №2 сәйкес үлестірме материалдары бар папканың фотосуреті салынды. Қатысушыларға арналған үлестірме материалдары бар папканың 1 данасын аралық есепке ұсыну мүмкін болмады. Себебі, іс-шара барысында таратылған бланктер, қалам дәл қазіргі уақытта жоқ. Алайда іс-шараларда қатысушыларға үлестірілгені туралы фотоайғақ бар. Осы фотолар қосымша жолданып отыр. Қорытынды есепке қосымша ретінде жолданады.

2-Міндет. Ағартушылық жұмыстарға діни басқарманы тарту арқылы дәстүрлі құндылықтарды ілгерілету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру; Діни мекемелердегі қалыптасқан түсінік бойынша сай келмеген діни қағидаларды, имамдардың көзқарастарын заман ағымына және ұлттық ерекшеліктерімізге арттыру үшін ресми діни басқарманы қайта даярлау және біліктілігін арттыруға қолдау көрсету және жеке ауылдық білікті имамдарды жұмысқа тарту мүмкіндігін ұсыну.

1-іс-шара. 13 мамыр күні Астанадағы «Нұр Мұбарак» медресесінде имамдарға және діни білім алып жатқан студенттерге ұлттық тарихымыз мен ұлттық құндылықтарымыз туралы семинар-тренинг өткізілді. Семинар-тренингке 63 адам қатысты. Адырна - ұлттық-этнографиялық бірлестігі ҚҚ-ы "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" ЖЕАҚ-ның (@sisc_official) мемлекеттік гранты аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асырыла бастаған "Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жұмысын ұйымдастыру" жобасы бойынша екінші іс-шарасын ұйымдастырды.

Бұл жолғы іс-шара «Нұр Мұбарак» медресесінде іске асты. Онда дінтанушы Кеңшілік Тышханұлы және Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері Арман Әубәкір рухани құндылықтар жайында семинар-тренинг өткізді

Семинар-тренингте медресе шәкірттері ұлттық құндылықтар мен діни мәселелерге қатысты көкейлерінде жүргізілетін әртүрлі сұрақтарды қойып барынша белсенділік таныта білді.

Кеңшілік мырза жастарды тек дінмен ғана шектелмей, жан-жақты жаратылыстану, түрлі гуманитарлық ғылым салалары бойынша білім алып таным көкжиегін кеңітуге шақырды. Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзын-сонар тарихы болатыны секілді, қазақ халқының да дінмен, иманмен, сеніммен, дала өркениетімен бірігіп қайнасып жатқан өз тарихы бар. Бұдан кейінгі ұрпақ өмірлік сабақ алып, келешегіне болжам жасайды. Бүгінге дей

қазақтың тарихы біраз зерттеліп-зертделгенмен, некен-саяқ.

Тарихымыздың қатпар-қатпар қойнауын ақтарсақ, руханиытымыздың, дініміздің, мінез-құлқымыздың, дүниеге қарағанымыздың да өзіндік ерекшеліктері болғанын аңғарамыз. Бабаларымыздың діни жолы мен ұстанған бағыты қызықтырып, соның жауабын күтеді. Сондықтан дүниені жайлаған жаһандану дәуірінде бұрын көз көріп, құлақ естімеген сан түрлі діни ағымдардың елімізде сайран құрғанын ескеріп, бұрынғыны зерттеу аса маңызды екенін айтқан дінтанушы жастарға дін мен дәстүрдің өзара сабақтастығы жайында кеңінен мағлұмат берді. Ал Арман Серікұлы болса, Елбасының "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласына сүйене отырып ислам діні келгенге дейін қазақ жерінде ұлы мәдениеттер қалыптасқанын дәлелді деректермен баяндап берді. Шәкірттер қасиетті жерлер мен аруақ ұғымы туралы сұрақтар қойып білікті дінтанушы Кеңшілік Тышқанұлы тарапынан толымды жауап алды. Шара сонында ақпараттық-танымдық буклеттер таратылып, жастардың дәрісті қаншалықты түсінгенін анықтау мақсатында шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнама жауаптарының қорытындысы бойынша медресе шәкірттерінің діни ұғымдардан хабары болғанымен, ұлттық елг-дәстүр мен оның кешегісі, ертеңіне қатысты бейхабар екенін анықтадық. Он сауалнаманың барлығында ұлттың жойылу қаупіне қатысты ешқандай лайықты жауап жазылмапты. Сонымен қатар, дінді дәстүрден жоғары қою пайымдарын анық байқауға болады.

Қорытынды: медресе шәкірттеріне өткізілген дәрісті қорытындылайтын болсақ, еліміздегі діни оқу орындарында ұлттық рухани құндылықтарымыз туралы көптеп іс-шаралар өткізу қажетін түсіндік. Ұлттың ұл болып сақталуы ең алдымен атадан балаға мирас болып келе жатқан салты, әдет-ғұрпы екені сөзсіз. Міне, осы құндылықтарды мейлінше кеңінен насихаттау қажет. Дінді дәстүрден, дәстүрді дінен бөліп, ажыратып қарау мүмкін емес. Өйткені қазақ халқының діні мен дәстүрі кірігіп, бірігіп, аспасып кеткен. Осын ұлымдарды кез келген діни бағытта білім беретін оқу орындарында насихаттау керек деп түйіндедік.

Түсініктеме: Дәрісті өткізу барысында қолданылған Б.Оспанның «Салттар әлеміне саяхат» кітабын, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған брошюра, буклеттер мен презентациялық слайдты бекітіп беруді сұран, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жолдаған болатынбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Хаттың көшірме нұсқасын есеп құжаттарына тіркеп, жолдан отырмыз. «Аралық»

бағдарламалық» есепті тапсыру барысындағы «Салттар әлеміне саяхат» кітабының нұсқасы қосымшада ұсынылды.

«Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жоюдан, «Салттар әлеміне саяхат» кітабының мұқабба бетіндегі логотиптердің орнын өзгертуді және кіріспе бөлімін алып тастауды тапсырды. Осыған жауап ретінде кітаптың түзетілген нұсқасы ресми жоюдан, өзгертілген жаңа нұсқасы мен Дін комитетінің келісілген хатымен Қорытынды есекке тіркелетін болады.

Осы міндетті жүзеге асыру барысында қолданылған көрнекі құрал ретінде пайдаланылған презентацияны бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жоюдаған болатынбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Осыған байланысты презентация өткізілген іс-шараларда ескі нұсқада көрсетілді.

Алайда, «Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жоюданды. Хатта «Зайырлылық» тақырыбындағы презентацияны түбегейлі өзгертуді тапсырды. Алайда, аталған тақырыптағы презентация іс-шараларда мүлде қолданылмаған. Сонымен қатар, келісімшартқа №3 қосымшаға сәйкес «Үкілетті органның келісілген презентация саны -1» деп көрсетілген. Осыған орай «Ұлы даланың жемі қыры» тақырыбындағы презентация қолданылып, аталған хатта тек презентацияда безендірілген суреттерді өзгерту туралы ескерту жасалған болатын, айта кететін жасай, бұл презентацияның мазмұндық, мәтіндік жазын өзгерту тапсырылмады. Осыған жауап ретінде іс-шараларда қолданылған «Ұлы даланың жемі қыры» тақырыбындағы презентацияның суреттері өзгертіліп, түзетілген нұсқасы №295 23.09.2019 жылғы Дін істері комитетіне ресми жоюданым, комитеттің келісілген хаты мен жаңа нұсқасы «Аралық бағдарламалық» есекке қосымша тіркелді.

Осы 2-міндет бойынша «Адырна» ұлттық этнографиялық бірлестігі Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және Азаматтық баспаларды қолдау орталығының мұрындық болуымен Елбасы

мақаласы негізінде «Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру» жобасын қолда алған. Аталған жоба аясында еліміздің бірнеше қаласындағы діни оқыту мекемелерінде «Ұлттық тарих және ұлттық құндылықтар» тақырыбында семинар-тренинг өткізуі керек болған. Алайда, медресе студенттерінің жазғы демалысқа шығып кетуіне байланысты аталған шараны өткізуге мүмкіндік болмады. Осыған орай, аталған іс-шараны шілде айына қалдыруға (кешіктіруге) рұқсат беруді сұрап Азаматтық басқамаларды қолдау орталығына ресми хат жолдады. (21.06.2019 жылы №239 шығыс хат). Осы мәселеге байланысты ресми хаттардың көшірмесі №1 пайкадағы №1 іс-шара құжаттарының ішінде берілді.

3-Міндет. Жоғары, арнайы орта оқу мекемелерінде, оның ішінде діни оқу орындарында ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар туралы ағартушылық жұмыстарын жүргізу. Жастар арасында ұлттық-патриоттық сезімдерді оятып, теріс діни ағымдарға қарсы имунитет қалыптастыру.

1- Іс-шара. 13 мамыр күні «Адырна» - ұлттық-этнографиялық бірлестігі "Азаматтық басқамаларды қолдау орталығы" КЕАҚ-ның мемлекеттік гранты аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асырыла бастаған "Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жұмысын ұйымдастыру" жобасы бойынша Д. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дінтану кафедрасында дінтанушы Кеңшілік Тышханұлы және осы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері Арман Әубәкір рухани құндылықтар жайында дәріс өткізді. Дәріске Еуразия ұлттық университетінің "Пирамида" жас дінтанушылар клубы (жетекшісі Арулан Қуатов) мен "Алаш танымы" клубының (жетекшісі Ажар Қадысқызы) мүшелері қатысты. Дәріс барысында студенттер ұлттық құндылықтар мен діни мәселелерге қатысты көкейлерінде жүрген әртүрлі сұрақтарды қойып барынша белсенділік таныта білді. Өз баяндамасында дінтанушы Кеңшілік Тышханұлы: «Қазақ ғалымдарының Құран және хадис мәтіндерін түсіндіру жолдарын немесе аят, хадистер мен ғалымдардың шығармаларының арасындағы байланысын зерттеу өте ауқымды тақырып болмақ. Болашақта бұл қадам қолға алынғанды деп сенеміз. Егер осы мәселені жанғыртатын болсақ, төл діни түсінігімізге оралсақ, қазіргі дін

саласында болып жатқан көптеген қайшылықтар мен түсініспеушіліктер өз шешімін табары сөзсіз. Сондықтан әсіре діншілдік пен радикализмнің алдын алудың ең төте жолы діни сабақтастықты сақтау, өткеннің мұрасын жанғырту болмақ.

Діндар ғалымдардың шығармаларында өмір мен өлім тақырыбы қатар қарастырылады. Оның себебі, алғашқысының, менің сонғысының ашатындығында болса керек. Дегенмен, ғалымның болашаққа деген сенімінің зор болғандығын, тірісінде армандаған «Елестейді көзіме» деген өлеңіндегі шумақтардан көруге болады:

...Азан дауысы аймақ жарып күңгірентіп,
Діншіл затты естіп қалған төңіретіп,

Иесіне құлдығына ес кетіп,
Жүгіргені елестейді көзіме.

...Форумында ғұламаның киіммен,

Сырласатын сыршығына жиынмен.

Сөйлеп шешіп мүшкіл сөздің түйінін,

Ұжызуым елестейді көзіме [3, 261-263 бб.].

Немесе Файзулла қаридің 1920 жылы жазған өлеңінде:

Ей қазағым, кештің ғұмыр күрделі,

Сендей болсын – болса бір ұлт зерделі!

Құрбандығын болар едім жолына,

Ел болсаң сен-өз алдына іргелі! [4] – дейді. Бұл қазақтың дін ғұламалары тек діннің айналасында, дін күтумен ғана шектелмей елдік мүддеге де орасан зор үлес қосқан деген сөз. Тіпті болашақты да нақты болжай білгендігін көрсетеді. Ал дін адамдарында болашақты білуі көкірек көзінің ашылуымен байланыстырылады. Олай болса, қазақтың қай ғұламасын зерделемесек те одан ең алдымен парасаттылықтың биік үлгісін көреміз» деп, қазақ халқының діні мен дәстүрін кеңінен сөз етті. Өткен ғасырдың тарихи шығармаларынан көптеген мәліметтерді келтіре отырып, дінтанушы тыңдарманың ең алдымен ұлттық рухани құндылық мәселесіне зер салуға шақырды.

Шара соңында ақпараттық-танымдық бюллетенер таратылып, жастардың дәрісті қаншалықты түсінгенін анықтау мақсатында шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, бұл жиынға қатысушылар ұлттың сақталуы ең

алдымен ұлттық құндылықтардың сақталуымен тікелей байланысты екенін түсінгенін көруге болады. Сонымен қатар, алынған жауаптарға қарап, жиында қатысушылар жиынынның негізгі мақсатын түсінгенін аңғаруға болады.

Қорытынды: бұл жиынды өткізудегі басты мақсатымызға толықтай қол жеткіздік деп айтуға болады. Сонымен қатар, жиын біз күткеннен де жоғары деңгейде өтті.

Түсініктеме: Семінар тренинг өткізу барысында қолданылған Б.Оспанның «Салттар әлеміне саяхат» кітабын, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған брошюра, бұжәлемтер мен презентациялық слайдты бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жолдаған болатыбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Хаттың көшірме нұсқасын есеп құжаттарына тіркеліп, жолдан отырмыз. «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру барысындағы «Салттар әлеміне саяхат» кітабының нұсқасы қосымшада ұсынылады.

«Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жолдап, «Салттар әлеміне саяхат» кітабының мұқабасы бейіндегі логотиптердің орнын өзгертуді және кіріспе бөлімін алып тастауды тапсырды. Осыған жауап ретінде кітаптың түзетілген нұсқасы ресми жолданып, өзгертілген жаңа нұсқасы мен Дін комитетінің келісілген хаттымен Қорытынды есепке тіркелетін болады.

Осы міндетті жүзеге асыру барысында қолданылған, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған презентацияны бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жолдаған болатыбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Осыған байланысты презентация өткізілген іс-шараларда ескі нұсқада көрсетілді.

Алайда, «Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жолданды. Хатта «Зайырлықтың тақырыбындағы презентацияның түбегейлі өзгертуді тапсырды. Алайда, аталған тақырыптағы презентация шараларда мүлде қолданылмаған. Сонымен қатар, келісімшартқа №3 қосымшаға сәйкес «Үкілетті органдармен келісілген презентация саны -1» деп көрсетілген. Осыған орай «Ұлы даланың жемі қыры» тақырыбындағы презентация қолданылып, аталған хатта тек презентацияда безендірілген суреттерді өзгерту туралы ескертілген болатын, айта кететін жайт, бұл презентацияның мазмұндық, мәтіндік жазын өзгерту тапсырылмады.

Осыған жасауап ретінде іс шараларда қолданылған «Ұлы даланың әкелі қыры» тақырыбындағы презентацияның суреттері өзгертіліп, түзетілген нұсқасы №295 23.09.2019 жылы Дін істері комитетіне ресми жолданып, комитеттің келісілген хаты мен жаңа нұсқасы «Аралық бағдарламалық» есеппе қосымша тіркелді.

2-іс-шара. 17 мамыр күні Алматы облысы, Талдықорған қаласындағы Политехникалық колледжде Адырна - Ұлттық-этнографиялық бірлестігі ҚЖ-ы "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" КЕАҚ-ның мемлекеттік гранты аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асырыла бастаған "Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жұмысын ұйымдастыру" жобасы бойынша «Рухани құндылықтар және теріс діни ағымдардың алдын алу» тақырыбы бойынша арнайы семинар-тренинг өтті. Адырна - ұлттық-этнографиялық бірлестігі ҚЖ-ы "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" КЕАҚ-ның мемлекеттік гранты аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асырыла бастаған "Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау жұмысын ұйымдастыру" жобасы бойынша үшінші іс-шарасын ұйымдастырды.

Бұл жолғы іс-шара Алматы облысы, Талдықорған қаласының политехникалық колледжінде іске асты. Онда Алматы облысы дін істері басқармасы "Діни экстермизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының" бөлім басшысы Матаев Ерлан Жұманұлы және Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері Арман Әубәкір рухани құндылықтар жайында семинар-тренинг өткізді.

Семинар-тренингте колледж студенттері ұлттық құндылықтар мен діни мәселелерге қатысты көкейлерінде жүрген әртүрлі сұрақтарды қойып барынша белсенділік таныта білді.

Ерлан Жұманұлы жастарды тек дінмен ғана шектелмей, жан-жақты жаратылыстану, түрлі гуманитарлық ғылым салалары бойынша білім алып таным көкжиегін кеңітуге шақырды. Ал Арман Серікұлы болса, Елбасының "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласына сүйене отырып ислам діні келгенге дейін қазақ жерінде ұлы мәдениеттер қалыптасқанын дәлелді деректермен баяндап берді.

Шара басында ақпараттық-танымдық бұқлеттер таратылып, жастардың дәрісті қаншалықты түсінгенін анықтау мақсатында шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде жиында қатысқан студенттердің басым бөлігі рухани құндылықтар мен ол құндылықты қалай сақтап қалу туралы кеңінен мәлімет алғанын байқалды. Берілген

сұрақтарға тұщымды жауап берген студенттер алдағы уақыттарда осындай жиындарды жиі өткізіп тұруымызға ұсыныс білдірді.

Түсініктеме: Адырна - ұлттық-этнографиялық бірлестігі КҚ-ы "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" ЖЕАҚ-ның мемлекеттік гранты аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асырыла бастаған "Дастүрлі рухани құндылықтарды қолдау жұмысын ұйымдастыру" жобасы бойынша «Рухани құндылықтар және меріс діни азымдардың алдын алу» тақырыбы бойынша арнайы семинар-тренинг өткізу жұмыстарын бастаған кезде еліміздің жозары оқу студенттерінің басым бөлігі жазғы демалысқа кетіп қалған еді. Осыған байланысты, "Дастүрлі рухани құндылықтарды қолдау жұмысын ұйымдастыру" жобасы бойынша «Рухани құндылықтар және меріс діни азымдардың алдын алу» тақырыбы бойынша арнайы семинар-тренинг студенттері бар Талдықорған политехникалық колледжінде өткізілді. Жоспар бойынша, семинар-тренинг Талдықорған қаласындағы Жансүгіров атындағы университетте өтуге тиіс болған. Алайда университет студенттерінің демалысқа кетуіне байланысты іс-шара политехникалық колледжде өткізілді. Міндет бойынша «Жозары, арнайы орта оқу мекемелерінде, оның ішінде діни оқу орындарында ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар туралы азартушылық жұмыстарын жүргізу. Жастар арасында ұлттық-патриоттық сезімдерді оятып, меріс діни азымдарға қарсы имунитет қалыптастыру» деп көрсетілгендіктен, осы Талдықорған қ. политехникалық колледжінде арнайы дәріс өткіздік. Осы өткізілген іс шараны тапсырма бойынша бір міндеттің орындалуы ретінде қабылдауды сұраймыз.

Түсініктеме: Семинар тренинг өткізу барысында қолданылған Б.Оспанның «Салттар әлеміне саяхат» кітабын, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған брошюра, бұжәлемтер мен презентациялық слайдты бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жолдаған болатынбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Хаттың көшірме нұсқасын есеп құжаттарына тіркеп, жолдап отырмыз. «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру барысындағы «Салттар әлеміне саяхат» кітабының нұсқасын қосымшада ұсынылады.

«Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жолдап, «Салттар әлеміне саяхат» кітабының нұсқасын бекіткендігі туралы хатпен хабарлады. Осыған байланысты, «Салттар әлеміне саяхат» кітабының нұсқасын қосымшада ұсынылады.

Ретінде кітаптың түзетілген нұсқасы Ресми жоюданып, өзгертілген жаңа нұсқасы мен Дін комитетінің келісілген хаттымен Қорытынды есеңке тіркелетін болады.

Осы міндетті жүзеге асыру барысында қолданылған, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған презентацияны бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жоюдаған болатынбыз. Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есеті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Осыған байланысты презентация өткізілген іс-шараларда ескі нұсқада көрсетілді.

Алайда, «Аралық бағдарламалық» есеті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жоюданды. Хатта «Зайырлылық» шараларда мүлде қолданылмаған. Сонымен қатар, келісімшартқа №3 қосымшаға сәйкес «Үкілетті органдармен келісілген презентация саны -1» деп көрсетілген. Осыған орай «Ұлы даланың жемі қыры» тақырыбындағы презентация қолданылып, аталған хатта тек презентацияда безендірілген суреттерді өзгерту туралы ескерту жасалған болатын, айта кететін жасайт, бұл презентацияның мазмұндық, мәтіндік жағын өзгерту тапсырылмады. Осыған жауап ретінде іс шараларда қолданылған «Ұлы даланың жемі қыры» тақырыбындағы презентацияның суреттері өзгертіліп, түзетілген нұсқасы №295 23.09.2019 жылы Дін істері комитетіне ресми жоюданып, комитеттің келісілген хатты мен жаңа нұсқасы «Аралық бағдарламалық» есеңке қосымша тіркелді.

Қорытынды: Тагдықорған политехникалық колледжіңде өткен іс-шара бойынша өзіміз діттеген мақсатқа толықтай қол жеткіздік деп айтуға болады.

4-Міндет. Қазақстандық қоғамның дәстүрлі рухани құндылықтарын нығайту.

1- Іс-шара. 19 сәуірде «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қолдауымен «Азаматтық бастамағарды қолдау орталығы» КЕАҚ CISC мемлекеттік грант аясында «Адырна» ұлттық порталында «Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны» атты мақалалар байқауын жариялады. Байқаудың ережесі бекітіліп, жарияланды.

Мақсаты:

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, дүние-танымдық ерекшеліктерін, тарихи-мәдени мұраларымызды насихаттау. Оларды өзге мәдени экспансиялар мен жағ ағымдардан қорғау.

Шарттары:

Мақала қазақтың ұлттық ерекшеліктеріне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына арналуы тиіс;

Мақала 10 беттен аспауы керек;

Мақала бұрын еш жерде жарияланбауы тиіс;

Көркемдік ерекшелігіне, тіл байлығына, грамматикалық, стилистикалық сауаттылығына баса мән беріледі;

Мақаланың «Адырна» ұлттық порталындағы оқылым көрсеткіші де ескеріледі.

Бас жүлде: 300 000 теңге;

1 орын – 250 000;

2 орын – 200 000;

3 орын – 150 000;

Екі авторға арнайы сыйлық 80 000 теңгеден.

Байқаудың мерзімі: 20 сәуір мен 30 қазан аралығы.

Жарияланған байқау туралы хабарлама, акпараттар әлеуметтік желілерде және «Адырна» ұлттық порталында, BAQ.KZ, Qamshy.kz, Abai.kz, Qazaqtimes.com сайттарында жарияланды. Бүгінге дейін байқау бойынша бір материал келді. Ол материал «Адырна» порталында байге макаласы ретінде жарияланды.

Түсініктеме: Байқау мерзімі әлі жасалғасын жасатқандықтан, келіп түскен мақалалар саны мен байқауға қатысушы адам санын, қазылар алқасы туралы мәлімет пен байқаудың хаттамa құжаты әлі дайындалмады.

2-іс-шара. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көркем безендірілген буклеттер дайындалып, оларды жоба аясында өткізілетін іс-шараларда тарату жұмыстары жүргізілді және буклеттердің электронды нұсқасы әлеуметтік желілерде таратылды. Әрбір буклетте ұлтымыздың дәстүрі мен рухани құндылықтарына қатысты және ұлтымыздың дәстүрін сақтау аясында жеткен үлкен жетістіктері туралы сөздер жазылған. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты макаласына байланысты жасалған буклетте «Атқа міну мәдениеті», «Ұлы даланың ежелгі металлургия», «Ан стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек Жолы», «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны» туралы түсінік берілген. Көрнекі құралдың сыртқы бетінде Елбасымыз Н.Назарбаевтың көшпелі тұрмысты зерттеу және қазақтың ұлы дала перзенттері екені жөнінде айтылған дана сөздері танбаланған. Келесі көрнекі құрал ретінде жасалған буклетте ұлттық код пен ұлттық салт-дәстүрлер жайында деректер келтірілген. Солардың ішінде амандасу, бата беру, сүйінші, жеті атасын білу, қонақжайлық, енші беру, кіндік кесу сияқты халқымыздың ең маңызды салттарына түсінік берілген. Алдыңғы буклет секілді бұл көрнекі құралдың да сыртқы бетінде Елбасымыз Н.Назарбаевтың ұлт пен салт-дәстүрге қатысты ұлағатты дана сөздерімен безендірілген.

5000 таралымдық буклет, брошюралар фейсбук, инстаграм, уатсап, вконтакте әлеуметтік желілерінде таратылды.

Түсініктеме: Осы міндетті жүзеге асыру барысында қолданылған, көрнекі құрал ретінде пайдаланылған брошюра буклеттерді бекітіп беруді сұрап, Дін істері комитетіне 17 маусымда №231 ресми хат жолдаған болатындықтан, Әкімшіке қарай, бүгінге дейін ресми жауап алмадық. Хаттың көшірме нұсқасын есеп құжаттарына тіркеліп, жолда отырмыз.

Өкінішке қарай, «Аралық бағдарламалық» есепті тапсыру кезінде ресми жауап алмадық. Осыған байланысты бүгелет, брошюралар өткізілген іс-шараларда ескі нұсқада таратылды. Осыған байланысты бүгелет, «Аралық бағдарламалық» есепті қайта түзету барысында 16.09.2019ж. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті 24-4-11/23-12 нөмірлі ресми хат жолдан, бүгелет, брошюралардағы логотиптердің орнын өзгертуді тапсырды. Осыған жауап ретінде бүгелет, брошюралардағы түзетілген нұсқасы №295 23.09.2019 жылы Дін істері комитетіне ресми жолданып, комитеттің келісілген хаты мен жаңа нұсқасы қосымша тіркелді.

Семинар, тренинг, дөңгелек үстел, форум және т. б. сияқты оқыту және ақпараттық-насихаттау іс-шараларын сипаттау кезінде кестені толтыра отырып, қатысушылар туралы мәліметтерді көрсетіңіз:

№ Ис-шаранын аты	Өткізілетін күні	Өткізілетін орны (қала/ауыл мекенжайы)	Қатысушылар саны	Қатысушылардың санаттары	Тартылған сарапшылар	Жоспардан іс-шаралардың орындалу толықтығы	Растайтын құжаттары №_5_ бар қосымша папкада
1. Р. Өлпейменов атындағы университетте «Рухани жаңғыру: дәстүр мен дін мәселелері» тақырыбында дөнгелек үстел өтті.	27.05.2019ж	Алматы	61	Студенттер және басқа да мамандары	Теолог ғалым, дін дәстүр құндылығына және хабары бар тұлғалар	100%	Дөнгелек үстел бағдарламасы-1 Қатысушылар тізімі-1 Кері байланыс сауаланамалары -10 Фото-10 Үлестірме жинағы -1 Салт дәстүр туралы Бердалы Оспанның кітабы — 500 данамен шығарылды. Осы кітаптың бір данасы БАҚ-та

							<p>жарияланған акпараттық хабарламалар - 3 Ұсыныстар тізімі-1 Баспасөз релизі-1 Хаттама -1</p>
<p>2. Алматыдағы Ұлттық кітапханада «Тарихтан тағылым: ұлттық идея және дін мәселелері» республикалы</p>	<p>24.05.2019</p>	<p>Алматы</p>	<p>127</p>	<p>Студенттер және басқа да санаттағы тулғалар</p>	<p>Дінтанушы ғалымдар мен діннен хабары бар басқа да арнайы мамандар</p>	<p>100%</p>	<p>Қатысушылар тізімі-1 Фото-10 Конференция бағдарламасы-1 БАҚ-та жарияланған мәліметтер-3 Әлеуметтік</p>



<p>Қ Ғылыми-Тәжірибелік конференция өтті.</p>							<p>желілердегі мәліметтер Кері байланыс сауалнамалары -10 Сағт-дәстүр туралы кітап - 500 таралым. Кітаптың бір данасы. Баспасөз релизі-1 Баяндама тезис саны-3 Ғылыми жинақ-1. (таралымы 500 дана) Конференция тұжырымдамасы -1 Үлестірме материалы-1.</p>
<p>Астана медресесінде «Рухани</p>	<p>13.05.2019</p>	<p>Нұр-Сұлтан қ.</p>	<p>63</p>	<p>Медресе шәкірттері</p>	<p>Теолог ғалымдар</p>	<p>100%</p>	<p>Семинар бағдарламасы-1 Қатысушылар</p>



<p>Күндилыктар» жөнінде дәріс өтті.</p>							<p>саны-1 Қолд.әдебиетте р тізімі -1 Баяндама түйіні-1 Слайд және келісім құжаты-1. Фото-5 Әлеуметтік желідегі жарияланымда р-5. Кері байланыс сауалнамалары -10 Анализ-1 Баяндамашы тезисі-1</p>
<p>4. Л.Г.умилев атындағы университетте «Рухани күндилыктар» жөнінде дәріс өтті.</p>	<p>13.05.2019</p>	<p>Нұр-Сұлтан қ.</p>	<p>51</p>	<p>Студенттер</p>	<p>Этнографтар, тарихшылар, теолог ғалымдар</p>	<p>100%</p>	<p>Дәріс бағдарламасы-1 Қатысушылар тізімі-1 Фото -5 Әлеуметтік желідегі жарияланған</p>

<p>Талдықорған политехникалық колледжінде «Рухани құндылықтар» жөніндегі семинар-тренинг өтті.</p>	17.05.2019	Талдықорған қ.	55	студенттер	Арнайы дінтанушы мамандығы бар, ұлттық құндылықтардан хабары бар тренер	100%	<p>Дәріс бағдарламасы-1 Лектор түйіндемесі-1 Слайд және келісім құжаты -1 Қатысушылар тізімі-1 Кері байланыс сауалнамағары-10 Фото-5 Әлеуметтік желілердегі мәліметтер Қолд.әдебиеттер тізімі-1 Баяндамашы тезис-1 Түсініктеме</p>
--	------------	----------------	----	------------	---	------	--

3. Әлеуметтік жобаның тәуекелдері (осы бөлімде жобаның барысы мен нәтижесіне әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелдерді көрсету қажет)

Тәуекел	Ықтималдықты төмендету және салдарларды азайту стратегиясы
1. Әрбір жиын кезінде тиісті адам санын жинай алмау қаупі болғанымен, тәуекелге барып отырдық.	Белсенді жұмыс жүргізудің нәтижесінде жиындарға тиісті шамадан артық адам жиналды.
2. Жиын барысында дәстүр мен дінге қатысты керектар пікірлер туындауы мүмкін деген қауіп басым болды.	Білікті дінтанушы мамандар мен этнограф, ғалымдардың дәлелге сүйеніп жасаған баяндамалары теріс діни ағымдардың қателіктерін анықтап, әрбір ұлттың өз дәстүрін сақтауына баса назар аудартты.

Ескерту: аралық бағдарламалық есеп бірнеше қосымшалардан тұруы тиіс. Осы есептің 2-тармағында сипатталған әрбір іс-шара немесе қызмет түрі барлық растайтын құжаттармен бірге жеке қосымшада көрсетілуі тиіс)

Қосымшаның нөмірі	Міндеттің атауы	Растайтын құжаттар №5 Қосымша папкасында
1 Қосымша	Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді кеңінен насихаттау.	№1-шара папкасында – дөңгелек үстел өткені туралы әлеуметтік желіде жарияланған акпараттар скриндері; дөңгелек үстелдегі фотолар; таратылған брошюра, буклеттің электрондық нұсқасы; шығарылған кітаптың скрині; дөңгелек үстел туралы басқа

		<p>сайттарда жарияланған ақпараттың жинағы; скриндері; сауалнама жинағы; баспасөз қатысушылар тізімі; слайд; баспасөз қатысушылар тізімі; бағдарламасы; релизі; жиын бағдарламасы; хаттама; Дін комитетіне жолданған ресми хаттар көшірмесі.</p> <p>№2 іс-шара папкасында – конференция туралы әлеуметтік желіде жарияланған ақпараттардың скриндері; таратылған буклет, брошюраның электронды нұсқасы; шығарылған кітаптың скрині; конференция туралы басқа ақпараттық құралдарда жарияланған мақалалар скрині; сауалнама жинағы; қатысушылар тізімі; баспасөз релизі; баяндамалар жинағы; конференцияның бағдарламасы; Дін комитетіне жолданған ресми хаттар көшірмесі.</p>
2 қосымша	<p>Ағартушылық жұмыстарға діни басқарманы тартумен дәстүрлі күндізлік сабақтарды ілгерілету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру; Діни мекемелердегі қалыптасқан түсінік бойынша қатып қалған діни қағидаларды, имамдардың көзқарастарын заман ағымына және ұлттық ерекшеліктерімізге сай икемдеу жұмыстарын жүргізу; Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстың сапасын арттыру</p>	<p>№1 іс-шара папкасында – әлеуметтік желілерде таратылған ақпараттар скрині; сауалнама аналитізі сауалнама жинағы; қатысушылар тізімі; фотоғалар; дінтанушының баяндамасы; слайд; семинар бағдарламасы; қолданылған</p>



3 қосымша	<p>Үшін ресми діни басқарманы қайта даярлау және біліктілігін арттыруға қолдау көрсету.</p>	<p>әдебиеттер тізімі; Дін комитетіне жолданған ресми хаттар көшірмесі.</p>
4 қосымша	<p>Жоғары, арнайы орта оқу мекемелерінде, оның ішінде діни оқу орындарында ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар туралы ағартушылық жұмыстарын жүргізу. Жастар арасында ұлттық патриоттық сезімдерді отып, діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру.</p>	<p>№1 іс-шара папкасында – дәріс бағдарламасы; әлеуметтік желілерде таратылған акпараттар скрині; сауалнама жинағы; қатысушылар тізімі; фотолар көшірмесі; дінтанушының баяндамасы; слайд; паучок; Дін комитетіне жолданған ресми хаттар көшірмесі.</p> <p>№2 іс-шара папкасында – әлеуметтік желілерде таратылған акпараттар скрині; таратылған буклет, брошюраның электрондық нұсқасы; сауалнама жинағы, сауалнама анализі; қатысушылар тізімі; фотолар; семинардың бағдарламасы; слайд; қолданылған әдебиеттер тізімі; Дін комитетіне жолданған ресми хаттар көшірмесі.</p> <p>№1 іс-шара папкасында – әлеуметтік желілерде таратылған акпараттар скрині; мақаланың скрині; байқау мақаласы; байқау ережесі</p>
4 қосымша	<p>Қазақстандық қоғамның дәстүрлі рухани құндылықтарын нығайту.</p>	



№2 іс-шара папкасында – бүклет
брошюранын электронды жөн
көшірме нұсқасы; Дін комитетін
жолданған ресми хат көшірмес
таратуу туралы скриндер.

Есептің жалпы беттер саны: __28

«Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі»
қоғамдық қорының директоры:

Арман ӘУБЕКІР

Толтырылған күні 07.10.2019 ж.